



КОНСТИТУЦИОННЫЙ СОВЕТ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН



КОНСТИТУЦИОННЫЙ СУД  
РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

---

## МЕМОРАНДУМ

### о сотрудничестве между Конституционным Советом Республики Казахстан и Конституционным Судом Российской Федерации

Конституционный Совет Республики Казахстан и Конституционный Суд Российской Федерации, именуемые в дальнейшем Сторонами,

основываясь на принципах государственного суверенитета и сознавая свою ответственность в области защиты, обеспечения верховенства и непосредственного действия Конституций и защиты прав и свобод человека и гражданина,

признавая, что права и свободы человека являются высшей ценностью, учитывая необходимость правового сотрудничества и обмена опытом между органами конституционного контроля двух стран,

будучи уверены в том, что правовое сотрудничество будет содействовать дальнейшему развитию и укреплению отношений между народами обеих стран,

договорились о нижеследующем:

## **Статья 1. Цель меморандума**

Целью настоящего меморандума является обеспечение основы для правового сотрудничества и взаимодействия, обмена опытом в сфере конституционного контроля, изучения действующего конституционного права обоих государств и практики его применения при разрешении споров в конституционно-правовой сфере для совершенствования конституционного контроля, реального обеспечения общепризнанных демократических принципов, гарантий защиты прав и свобод человека и гражданина.

## **Статья 2. Предмет меморандума**

Стороны в соответствии с настоящим меморандумом и национальным законодательством своих государств осуществляют правовое сотрудничество путем обмена опытом, нормативно-правовой информацией и правовыми актами, касающимися деятельности органов конституционного контроля.

## **Статья 3. Формы сотрудничества**

1. Предусмотренное настоящим меморандумом правовое сотрудничество осуществляется между Сторонами в следующих формах:

а. обмен нормативно-правовой информацией, актами конституционного контроля;

б. взаимные визиты судей Конституционного Суда, членов Конституционного Совета и сотрудников аппаратов с целью обмена информацией, касающейся деятельности органов конституционного контроля, и изучения опыта работы;

в. проведение совместных научно-практических конференций, симпозиумов, семинаров, совещаний экспертов и рабочих групп;

2. Стороны могут дополнительно согласовать и другие формы сотрудничества.

#### **Статья 4. Механизм исполнения**

1. В целях исполнения положений настоящего меморандума связь между Сторонами будет поддерживаться через соответствующие структурные подразделения аппаратов Сторон, ответственные за международные связи.

2. Обмен документами в соответствии с настоящим меморандумом будет осуществляться на русском языке. В случае необходимости Стороны по согласованию определяют другие языки для иных конкретных форм сотрудничества.

3. В случае необходимости порядок несения связанных с исполнением настоящего меморандума расходов будет обсуждаться Сторонами посредством взаимных консультаций и переговоров для каждого конкретного случая.

#### **Статья 5. Правовой статус**

Настоящий меморандум не может быть истолкован в качестве международного договора или соглашения, имеющего обязательную юридическую силу в соответствии с нормами международного права.

#### **Статья 6. Порядок урегулирования споров и разногласий**

Споры и разногласия, возникающие при толковании положений настоящего меморандума, будут разрешаться путем взаимных консультаций и переговоров.

#### **Статья 7. Порядок внесения изменений и дополнений**

По обоюдному письменному согласию Сторон в настоящий меморандум могут быть внесены изменения и дополнения, оформляемые

отдельными протоколами, которые являются неотъемлемой частью настоящего меморандума.

### **Статья 8. Заключительные положения**

Настоящий меморандум вступает в силу с момента его подписания и действует в течение пяти лет. Действие настоящего меморандума автоматически продлевается на последующие пять лет, если ни одна из Сторон за три месяца до истечения соответствующего пятилетнего периода в письменной форме не заявит о своем намерении прекратить действие настоящего меморандума. В этом случае действие настоящего меморандума прекращается по истечении трех месяцев после направления Стороной такого уведомления.

Совершено в Санкт-Петербурге 17 мая 2016 года в двух подлинных экземплярах, каждый на казахском и русском языках, причем оба текста являются в равной степени аутентичными.

От Конституционного Совета  
Республики Казахстан



Председатель  
**И.И. Рогов**

От Конституционного Суда  
Российской Федерации



Председатель  
**В.Д.Зорькин**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ



РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ

---

**Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі  
мен  
Ресей Федерациясының Конституциялық Соты  
арасындағы ынтымақтастық туралы**

**МЕМОРАНДУМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі және Ресей Федерациясының Конституциялық Соты, мемлекеттік егемендік қағидаттарына сүйене отырып және Конституцияларды қорғау, олардың үстемдігін және тікелей қолданылуын қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы өздерінің жауапкершілігін сезіне отырып,

адамның құқықтары мен бостандықтарын асқан құндылық деп тани отырып,

екі елдің конституциялық бақылау органдары арасында құқықтық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу қажет екенін ескере отырып,

құқықтық ынтымақтастық екі елдің халықтары арасындағы қатынасты одан әрі дамытуға және нығайтуға көмектесетініне сенім білдіре отырып,

мына туралы уәделесті:

**1-бап. Меморандумның мақсаты**

Конституциялық бақылау саласындағы құқықтық ынтымақтастыққа және өзара іс-қимыл жасауға, тәжірибе алмасуға, екі мемлекеттің қолданыстағы конституциялық құқығын және оны қолдану практикасын

конституциялық-құқықтық саладағы дауларды шешкен кезде конституциялық бақылауды жетілдіру мақсатында зерделеуге, жалпыға танылған демократиялық қағидаттарды, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары қорғалуына кепілдіктер іс жүзінде қамтамасыз етілуіне негіз қалау осы меморандумның мақсаты болып табылады.

## **2- бап. Меморандумның нысанасы**

Тараптар осы меморандумға және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес конституциялық бақылау органдарының қызметіне қатысты тәжірибемен, нормативтік-құқықтық ақпаратпен және құқықтық актілермен алмасу арқылы құқықтық ынтымақтастықты іске асырады.

## **3-бап. Ынтымақтастықтың нысандары**

1. Осы меморандуммен көзделген құқықтық ынтымақтастықты Тараптар мынадай нысандарда іске асырады:

а. нормативтік-құқықтық ақпаратпен және конституциялық бақылау актілерімен алмасу;

б. конституциялық бақылау органдарының қызметіне қатысты ақпаратпен алмасу және жұмыс тәжірибесін зерделеу мақсатында Конституциялық Сот судьяларының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің және аппараттар қызметкерлерінің бір-біріне барып-келу;

в. бірлескен ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, сарапшылардың және жұмыс топтарының кеңестерін өткізу;

2. Тараптар ынтымақтастықтың басқа да нысандарын қосымша келісуі мүмкін.

#### **4-бап. Орындау механизмі**

1. Осы меморандумның ережелерін орындау мақсатында Тараптар арасындағы байланысты Тараптар аппараттарының халықаралық байланыстарға жауапты тиісті құрылымдық бөлімшелері қолдап отырады.

2. Құжаттармен алмасу осы меморандумға сәйкес орыс тілінде іске асырылатын болады. Қажет болған жағдайда Тараптар келісім бойынша ынтымақтастықтың өзге де нақты нысандары үшін басқа тілдерді айқындайды.

3. Қажет болған жағдайда осы меморандумды орындаумен байланысты шығыстарды көтерудің тәртібін Тараптар әрбір нақты жағдай үшін өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы талқылайды.

#### **5-бап. Құқықтық мәртебесі**

Осы меморандум халықаралық құқық нормаларына сәйкес міндетті заңдық күші бар халықаралық шарт немесе келісім ретінде түсіндірілмейді.

#### **6-бап. Дауларды және келіспеушіліктерді реттеудің тәртібі**

Осы меморандумның ережелерін түсіндірген кезде туындайтын даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

#### **7-бап. Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі**

Тараптардың екі жағының жазбаша келісімі бойынша осы меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттама түрінде ресімделіп, осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

**8-бап. Өтпелі ережелер**

Осы меморандум оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл ішінде қолданыста болады. Егер Тараптардың бірде-бірі осы меморандумның қолданылуын тоқтататыны туралы өзінің ойын тиісті бес жылдық мерзім аяқталардан үш ай бұрын жазбаша түрде мәлімдемесе, осы меморандумның қолданылуы автоматты түрде келесі бес жылға ұзартылады. Бұл жағдайда Тараптардың бірі осындай хабарлау жібергеннен кейін үш ай өткен соң осы меморандумның қолданылуы тоқтатылады.

Санкт-Петербуркте 2016 жылғы 17 мамырда екі түпнұсқа данада, әрқайсысы орыс және қазақ тілдерінде жасалды, бұл ретте мәтіннің екеуі де тең дәрежеде түпнұсқа.

Қазақстан Республикасының  
Конституциялық Кеңесінен

Ресей Федерациясының  
Конституциялық Сотынан

Төраға  
**И.И.Рогов**

Төраға  
**В.Д.Зорькин**